

**"2022 жылға арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі мен субсидиялар нормаларын, сондай-ақ пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 96 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 285 қаулысы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 желтоқсанда № 31347 болып тіркелді

Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2022 жылға арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) тізбесі мен субсидиялар нормаларын, сондай-ақ пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) субсидиялауға арналған бюджет қаражатының көлемдерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 29 сәуірдегі № 96 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27842 тіркелді) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысының әкімі*

*А. Сапаров*

Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің

2022 жылғы 28 желтоқсандағы

№ 285 қаулысына

қосымша

Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің

2022 жылғы 29 сәуірдегі

**2022 жылға арналған пестицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) субсидиялауға бюджеттік қаражат көлемдері**

Реттік саны №	Облыстың атауы	Субсидиялар көлемі, тенге
1	Солтүстік Қазақстан облысы	15 302 389 000,00
	Барлығы	15 302 389 000,00